

# **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ АУДИТІН ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

## **1. Жалпы ережелер**

- 1.1 Осы Ереже «Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Университет) білім беру бағдарламаларының аудитін жүргізу тәртібін белгілейді.
- 1.2 Осы Ереже талаптары университеттің білім беру бағдарламаларына қолданылады.
- 1.3 Осы Ереже бойынша барлық жұмыстарды бақылайды – оқу-әдістемелік департаментінің (бұдан әрі - ОӘД) директоры, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, білім беру бағдарламаларының жетекшілері.

## **2. Білім беру бағдарламалары аудитінің мақсаты**

- 2.1 Білім беру бағдарламалары аудитінің мақсаты:
  - шынайы фактілерге негізделген білім беру бағдарламаларының тиімділік сапасын тәуелсіз бағалау, еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестік деңгейін анықтау;
  - қолданыстағы білім беру бағдарламаларының талдауы, әлеуеті және білім беру бағдарламаларын құрастыруды жақсарту принциптерін анықтау;
  - сапалы құрастырылған білім беру бағдарламаларын, олардың одан әрі жетілдіру мысалдарын анықтау және білім беру бағдарламаларын басқарудың университетішілік жүйесіне енгізу.

## **3. Білім беру бағдарламаларының аудитін жүргізу тәртібі**

- 3.1 Білім беру бағдарламаларының аудиті білім беру бағдарламаларының мониторингі және берілген бағдарлама бойынша жоспарланған нәтижеге жету үшін әрбір элементтің (пәннің) нақты үлесін анықтау жүйесінің жетекші элементі болып табылады және бірнеше кезеңнен тұрады (1-қосымша):
  - 1-кезең: Білім беру бағдарламасының құжаттарын дайындау
    - бағдарлама сипаттамасы (2 қосымша)
    - білім беру бағдарламасының модульдік оқу жоспары (МОЖ)
    - жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ)
    - қолданыстағы МОӘК, ПОӘК, силлабустар
    - ОЖ-дағы бір пән дәрісінің презентациясы
  - 2-кезең: Білім беру бағдарламасының стандартқа сәйкестігінің аудиті
    - білім беру бағдарламасының мемлекеттік стандартқа сәйкестігі туралы ОӘД қорытындысы
  - 3 кезең: Сыртқы сарапшылық бағалау (жұмыс берушілер, бизнес-серіктестер, түлектер), 4-тен кем емес сараптама.
    - Бағдарлама құрылымының сарапшылық бағалауы (пәндер жинағы)

- Жалпы білімдік пәндердің сарапшылық бағалауы
  - Бейіндік пәндердің сарапшылық бағалауы (іріктемелі)
  - Сыртқы сарапшылық қорытындылары мен ұсыныстары
- 4-кезең: Білім алушылармен әңгімелесу
- Кездесу нәтижелері бойынша қорытындылар (3 Қосымша)
- 5-кезең: Статистикалық деректер талдауы (4 Қосымша)
- 6-кезең: Практика аудиті (практиканы өту орнын зерттеу)
- Практиканы өту орнында (іріктемелі) қадағалау, жұмыс берушімен әңгімелесу
- 7-кезең: Бағдарламаның тиімділігі
- Бағдарламаның бюджеті және табыстылығы
- 8-кезең: Білім беру бағдарламасының талдауы
- Бағдарлама сипаттамасының талдауы
  - Силлабустар талдауы
  - Ресурстар талдауы
  - SWOT – талдау
- 9-кезең: Аудит бойынша есептемені дайындау
- Аудит нәтижелері бойынша есептеме
  - Қорытындылар және ұсыныстар

#### **4. Құжаттама және аудиттің аяқталуы**

- 4.1 Аудит бойынша құжаттама бағдарламаға сәйкес жұмыс тобына беріледі.
- 4.2 Аудит бойынша құжаттама аудитқа тапсырылған шынайы деректер мен құжаттар негізінде құрылады.
- 4.3 Аудитқа жинақталған құжаттама жұмыс тобының төрағасында сақталады және аудит бойынша есептемеге қосымша болып табылады.
- 4.4 Соңында – білім беру бағдарламаларының сапасын жоғарылату үшін алдағы жоспарларды келісілуі үшін аудит бойынша есептеме ОӘД-ге өткізіледі.

#### **5. Қорытынды ереже**

- 5.1 Осы ереже және оған енгізілетін өзгертулер мен қосымшалар Университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітілген кезден бастап іске асырылады.
- 5.2 Осы ереже білім беру бағдарламасының аудитінің толық аяқталуына дейін жұмыс істейді.

## Білім беру бағдарламасының аудитінің жоспары

<b>№</b>	<b>Аталуы</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Орындаушылар</b>
1 кезең	Білім беру бағдарламалары бойынша құжаттарма дайындау	15.09.2017 ж. дейін	БББ жетекшілері, кафедра меңгерушілері
2 кезең	Стандартқа сәйкестік аудиті	30.09.2017 ж. дейін	БББ жетекшілері және ОӘД
3 кезең	Сыртқы сарапшылық бағалау	01.10.2017 ж. дейін	БББ жетекшілері және жұмыс топтары
4 кезең	Білім алушылармен әңгімелесу, сауалнама	10.10.2017 ж. дейін	БББ жетекшілері және жұмыс топтары
5 кезең	Статистикалық деректерді талдау	15.10.2017 ж. дейін	БББ жетекшілері, Тіркеу офісінің бастығы
6 кезең	Практика аудиті	15.10.2017 ж. дейін	БББ жетекшілері және ОӘД
7 кезең	Бағдарламаның тиімділігі	20.10.2017 ж. дейін	Бас бухгалтер, БББ жетекшілері
8 кезең	БББ талдауы	25.10.2017 ж. дейін	БББ жетекшілері
9 кезең	Аудит бойынша есептемені дайындау	10.11.2017 ж. дейін	БББ жетекшілері және жұмыс топтары

## Бағдарлама сипаттамасы (қысқартылған бағдарлама паспорты)

Бағдарлама атауы	
Мамандық шифры	
Берілетін квалификация / дәрежесі (сертификат, диплом)	
Мамандандырылған аккредитация	
Оқу түрі	
Бағдарламаға алыну критерийлері	
Бағдарлама ұзақтығы	
Бағдарламаны құру күні / соңғы өзгерістер күні	
Бизнес – серіктестер	
Бағдарламаның білім беру мақсаттары	
Бағдарлама нәтижелері кәсіпқой құзыреттер	Бақылауды орындау әдістері
Білім:	
Білік:	
Дағды:	

### Білім алушымен әңгімелесу

**Мақсаты:** оқу бағдарламасы жайлы білім алушылардың пікірлерін білу.

**Талқылау тақырыбы:** Білім беру бағдарламасының сапасы және деңгейі

**Әңгімелесуге қатысушыларды іріктеу критерийлері:** сұхбаткер болып бір бірін танымайтын, бір мамандықтың орыс, қазақ бөлімінің 1-4 курс студенттері бола алады, 10 - 15 адам.

#### Мамандықты таңдау:

1. Мамандықты таңдау шешімі қалай қабылданды?
2. Сіздің таңдауыңызға себепкер болған не?
3. Мамандықты / бөлімді / оқыту түрін өзгерттіңіз бе /өзгерткіңіз келе ме? (Неліктен?)
4. Бағдарламадан қандай нәтиже күтесіз?
5. Бағдарламаға кеңес бересіз бе? (Неліктен?)

#### Бағдарлама және оқыту сапасы

1. Өзіңіздің бағдарламаңыз бойынша оқыту кезінде қандай білім және шеберлік аласыз?
2. Бағдарламаға қандай пәндер енгізгіңіз келеді?
3. **Алған білімнің өзектілігі** – Алынған біліміңізді практика жүзінде қолдана аласыз ба?  
Қалай ойлайсыз, сіз қай жерде жұмыс істей аласыз?
4. **Пәндердің қайталануы** – Әртүрлі пәндерде бірдей немесе мағынасы бойынша ұқсас тақырыпта оқытылады ма?
5. **Білімді бағалау жүйесі** – Білімді бағалау қаншалықты әділетті?  
Оқытушылар тапсырманың орындалуын және орындалған жұмыстың сапасын қалай тексереді?  
Білімді бақылау нәтижелері туралы ақпараттың түсу уақыттылығы.
6. Дәрістер, практикалар және өздік жұмыстардың логикалық байланыстары.
7. Сабақтың қалай және қаншалықты қызықты өтетінін баяндаңыз.
8. Практика қалай өтеді?  
Олардан қандай пайда көресіз?
9. Дәрісте қандай шақырылған адамдар болды?  
Екідипломды бағдарламалар, студенттер ғылыми қоғам туралы білесіз бе?  
Қатысқансыз ба?
10. Сабақ болатын аудиториялардың / зертханалардың жабдықталуы ұнайды ма?  
Өзгерткіңіз келе ме?

### **Диаграмма 1**

Соңғы 3 жылда бағдарламаға қабылданған контингент санының өзгерісінің динамикасы.

Қорытындылар:

- динамиканың бағалануы
- ықпал еткен факторлар
- болашаққа болжам

### **Диаграмма 2**

Бағдарламалар бойынша оқытудан бас тартқан білім алушылар санының өзгерісінің динамикасы ( 2-3 жылдар салыстырмасы)

Қорытындылар:

- бас тартудың негізгі себептері
- динамиканы бағалау
- тәуекел аймағы

### **Диаграмма 3**

Оқыту түрі бойынша бағдарламалар құрылымы (2 жыл салыстырмасы)

Қорытындылар:

- бағдарламаның ортақ құрылымындағы оқыту түрлерінің (студенттер саны бойынша) динамикасын бағалау
- өзгерістерге ықпал ететін факторлар
- келешекке болжам

### **Диаграмма 4**

Ортақ студенттер санының ШБ немесе ақы төлемеу себептеріне байланысты емтиханға жібермеген білім алушылар (3 жыл салыстырмасы)

Қорытындылар:

- басқа да себептерге байланысты емтиханға жіберілмегендер пайызының динамикасын бағалау

### **Диаграмма 5**

Курс және оқыту түрі бойынша емтихандар нәтижесі (3 семестр)

Қорытындылар:

- курс бойынша нәтижелілігін бағалау
- оқыту түрі бойынша нәтижелілігін бағалау
- салыстырмалы талдау
- өзгерістерге ықпал еткен факторлар

### **Диаграмма 6**

Жұмысқа орналасқан түлектер саны (3 жыл салыстырмасы)

- БББ бойынша жұмысқа орналасуды бағалау
- салыстырмалы талдау
- өзгерістерге ықпал еткен факторлар
- келешекке болжам